

**«БЕКІТЕМІН»**  
ҚР Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру істері  
комитетінің төрағасы  
Е.Мырзапоевтінов

« 17 » \_\_\_\_\_ 2023 жыл

**«БЕКІТЕМІН»**  
Астана қаласы  
Дене шынықтыру және спорт  
басқармасының басшысы  
С.Жылқыбаев

« 17 » \_\_\_\_\_ 2023 жыл

**«КЕЛІСІЛДІ»**  
«Qazaq kuresi» Ассоциациясының  
атқарушы директоры  
Е.Естек

« 13 » \_\_\_\_\_ 2023 жыл

**«КЕЛІСІЛДІ»**  
«Qazaqstan Barysy»  
қазақ күресін қолдау және дамыту  
қорының атқарушы директоры

« 13 » \_\_\_\_\_ 2023 жыл

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН  
ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИНІҢ  
ЕРЕЖЕСІ**



Астана қаласы  
2023 жыл

## **I. Мақсаттары мен міндеттері**

- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2023 жылға бекіткен бірыңғай республикалық күнтізбесіндегі спорттық іс-шараларды жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.
- Жастарды ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану арқылы, олардың бойында отансүйгіштік қасиетті тәрбиелеу.
- Қала тұрғындары мен қонақтары үшін Астана күнінің маңыздылығын арттыру, мерекелеу;
- Еліміздің жүрегі болған елорда төрінде ұлттық құндылықтардың тоғысуын насихаттау;
- Ел халқы арасында достық пен өзара татулық қатынастарды нығайту;
- Қазақстан Республикасының облыс, қала, аудан, ауылдарында ұлттық спорт түрлерін, оның ішінде қазақ күресін дамытуды кеңінен тарату;
- Республикада қазақ күресін өркендету арқылы оны ұлттық идея деңгейіне жеткізу және халықаралық аренадағы беделін көтеру.

## **II. Жарыстың өткізілу орны мен уақыты**

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі IV кезеңде өтеді:

I кезең – ауылдар мен елді мекендерде 2023 жылдың 15-ші сәуіріне дейін өткізіледі;

II кезең – аудандық, қалалық іріктеулер 2023 жылдың 1-ші мамырына дейін өткізіледі;

III кезең – облыстық іріктеу жарыстары 2023 жылдың 10-шы мамырына дейін аяқталуы тиіс;

IV кезең – турнирдің ақтық сыны.

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің ақтық жарысы (түйе балуандар арасында) 2023 жылдың 1 шілде күні Астана қаласындағы «Барыс Арена» мұз сарайында өтеді.

Мекен-жайы: Тұран даңғылы, 75.

Жарысқа қатысушылардың келу күні – 28 маусым.

## **III. Турнирді өткізу жүйесі**

Жарыстарды ұйымдастыру және өткізуге басшылықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, «Qazaq kuresi» Ассоциациясы, Астана қаласының әкімдігі, Алматы қ., Шымкент қ., облыстар, аудандар және ауылдық округтер әкімдерінің аппараты, Облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының қазақ күресі федерациялары, «Qazaqstan Bagusu» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры жүзеге асырады.

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің ақтық сынын тікелей өткізу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, «Qazaq kuresi» Ассоциациясы мен «Qazaqstan Bagusu» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры бекіткен жұмыс тобы мен төрешілер алқасына жүктеледі.

## **IV. Қатысушы ұйымдар**

Жарысқа облыс және республикалық маңызы бар қалалардың, ауыл, село мен аудандардың абсолюттік салмақ дәрежесіндегі барлық балуандары қатыса алады.

## **V. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқа да қатысушылардың сандық құрамы**

Турнир «Qazaq kuresi» Ассоциациясының қолданыстағы қазақ күресінің Ережесіне сәйкес өткізіледі.

Ақтық сайысқа:

- 2022 жылғы «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпазы (1 балуан);

- аймақтық, іріктеу сындарынан (финалдық) өткен облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының 1-2 орын алған (40 балуан) балуандары;

- күштік құрылымдар арасындағы «Әскер Барысы» турнирінің 1-2 орын алған жеңімпаздары (2 балуан) қатыстырылады.

Қатысушы балуандардың жеке бапкерлері болуы міндетті.

**Ескерту:** 18 жасқа толмаған және салмағы 90 келіден төмен спортшы турнирге (іріктеу жарыстарына да) қатыстырылмайды.

*Үшінші және финалдық сайыстың жеребе тарту рәсімдері «соқыр» форматта болуына байланысты, қоржындағы немесе дорбадағы жеребе тасын қарап алуға әрекеттенген спортшыны ұйымдастыру алқасы жарысқа жібермеуге құқылы.*

*«Әскер Барысы» іріктеу турниріне қатысқан балуандар облыстық іріктеу кезеңдеріне жіберілмейді немесе керісінше облыстық іріктеу кезеңдеріне қатысқан балуандар «Әскер Барысы» іріктеу турниріне жіберілмейді.*

## **VI. Спортшылардың жынысы мен туған жылы**

Турнирге 18 жастан асқан ересек спортшылар (ерлер) қатыстырылады.

## **VII. Нәтижелерді бағалау жүйесі**

Турнир Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті және «Qazaq kuresi» Ассоциациясының қолданыстағы қазақ күресі Ережесіне сәйкес бағаланады.

## **VIII. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету**

Әрбір спортшы салмақ өлшеу рәсіміне дейін жарыстың бас төрешісі мен бас хатшысына медициналық тексеруден өткені туралы және жарысқа қатысуға жарамдылығы туралы дәрігердің мөрі басылған анықтаманы, сондай-ақ медициналық сақтандыру құжатын тапсыруға міндетті.

«Qazaqstan Barysy» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры жарыс кезіндегі жедел медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық мамандармен (дәрігер, медбике, т.б.), сондай-ақ дәрігерлер орналасатын орнының санитарлық-гигиеналық талаптар нормаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Жарыс дәрігері «Qazaq kuresi» Ассоциациясының қолданыстағы ережесінде көрсетілген медициналық міндеттерді ұстануы тиіс.

## **IX. Допингке қарсы қамтамасыз ету**

Жарысқа қатысушыларға қандай да бір биоинталандырғыштар қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

Барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы қауымдастықтың (бұдан әрі- ВАДА) нормаларына сәйкес допинг-бақылаудан өтуі мүмкін.

Барлық спортшылар ВАДА-ның допингке қарсы кодексі қағидаларын сақтауы қажет. Спортшылар Бүкіләлемдік допингке қарсы ассоциация (ВАДА) Кодексінің ережелерін бұзған жағдайда Бүкіләлемдік допингке қарсы ассоциация (ВАДА) Кодексінің нормаларына сәйкес санкция қолданылатын болады. Спортшы допинг-тест тапсыруға келмеген жағдайда турнирден шеттетіледі.

Спортшы Бүкіләлемдік допингке қарсы ассоциация (ВАДА) Кодексінің ережелерін бұзғаны анықталған немесе допинг-тест тапсырмауына байланысты турнирден шеттетілген жағдайында Ұйымдастыру комитетінің спортшыға жұмсалған барлық шығындарын (көлік, қонақ үйге орналастыру, тамақтандыру, жүлдеге арналған сыйлықтар мен басқа да шығындарды қоса алғанда) толығымен өтейді.

Іріктеу жарыстарынан өткен барлық балуандар ақтық жарысқа дейін допинг-сынамадан өту қажет. Допинг бақылауының ақысы облыстық спорт басқармаларының есебінен өтеледі. Оң нәтиже шыққан жағдайда, спортшы ақтық сынға қатысудан шеттетіледі.

Сондай-ақ, жарыста I, II, III орын алған 3 балуан міндетті түрде допинг бақылауынан өтеді. Допинг бақылауының ақысы балуандар жүлде қорының есебінен өтеледі.

Допинг-сынама ақтық жарыстан кейін жеңімпаз және жүлдегер атанған (1-3) спортшылардан алынады. Оң нәтиже шыққан жағдайда, спортшының жеңісі есептелмейді және кейінгі орын алған балуанға беріледі.

#### **X. Төрешілер алқасының сандық құрамы**

Турнирдің I, II кезеңдері бойынша жарыстарды жергілікті құзырлы мекемелер бекіткен төрешілер алқасы өткізеді.

Турнирдің III, IV кезеңдерін «Qazaq kuresi» Ассоциациясы бекіткен төрешілер алқасы өткізеді. Жарысқа төрешілік ететін төрешілердің санаттары I дәрежедегі төрешіден кем болмауы тиіс.

Турнирдің ақтық сынында төрешілік ететін төрешілердің құрамы: бас төреші-1, бас хатшы-1, төрешілер -13. Барлығы 15 төреші.

#### **XI. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі**

Төмендегі кестеге сәйкес рәсімделген тапсырыс электронды түрде 2023 жылғы 30-шы мамырға дейін және түпнұсқасын мандат комиссиясының төрағасына шілде күні тапсырылуы тиіс.

№	Аты-жөні	Туған жылы	Спорт атағы	Бойы	Салмағы	Жетістіктері	Жұмыс, оқу орны	Жаттықтырушысы	Атағы	Дәрігердің қолы

Мандат комиссиясына төмендегі құжаттар тапсырылады:

- спортшылардың денсаулығы туралы дәрігердің мөрі басылған анықтама қағазы;
- спортшының және жаттықтырушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- сақтандыру полисі;
- спортшының және жаттықтырушының 20 бірлікті код (IBAN);
- COVID-2019 коронавирустық инфекциясына жүргізілген зерттеулердің ПТР тестінің теріс нәтижесі эпидемиологиялық жағдайға байланысты болу керек.

Анықтама телефондары: + 7 7172 278 – 430

Турнирге қатысуға өтінімдер 2023 жылғы 30 мамырға дейін [kazbarysy9@mail.ru](mailto:kazbarysy9@mail.ru) электронды поштасына жолдануы тиіс.

**Ескерту:** Осы ереженің XI-ші тармағында қойылған талаптар орындалмаған жағдайда ұйымдастыру комитеті қатысушыларды турнирден шеттетуге құқылы.

Спортшылар тұрғылықты мекен жайын ауыстырған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 7-бабы 28 тармақшасына сәйкес, «Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 288 бұйрығына сәйкес құжаттарын рәсімдеуі қажет.

#### **XII. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары**

Осы Ереженің V тарауында көрсетілген балуандардың барлығы жарысқа қатысушылар болып саналады. Қатысушыларды куәландырылатын құжаттар (жеке куәлігі/паспорт) болуы шарт. Жарысқа қатысатын әрбір спортшының қатысуға жарамдылығы туралы дәрігердің мөрі басылған өтінімі, спортшының сақтандыру полисі және мектеп анықтамасы болуы керек.

Әр қатысушының аты жөні жарысқа қатысуға жарамдылығын растайтын және жарысқа жіберілгені жөнінде дәрігердің рұқсат мөрі қойылған түпкілікті өтінімде көрсетілуі тиіс. Әр балуанның өкілі (бапкері) және төрешілері қазақ күресі ережесін толық білуі тиіс.

#### **XIII. Турнирдің чемпиондары мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі**

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпазы «Қазақстан Барысы» атағын алады және «Алтын белбеу» мен алтын «Тайтұяқ» иегері атанады.

*Ескерту: Алтыннан құйылған «Тайтұяқ» ауыспалы болып табылады.*

Турнир аяқталған соң жеңімпаз бен «Qazaqstan Barysy» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры арасында келісім-шарт жасалып, қол қойылады.

Сондай-ақ, екінші орын алған балуан «Күміс белбеу», үшінші орын алған балуан «Қола белбеу» иегері аттанады.

Жеңімпаз, жүлдегерлер және олардың жаттықтырушылары, үздік төрешілер ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Сондай ақ, турнирдің финалдық-кездесуіне жолдама алуы үшін, үшінші орынға белдесулер және финалдық кездесуге дейінгі балуандардың әр бір жеңісіне 100 000 (жүз мың теңге) сыйақыдан беріледі.

#### **XIV. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау**

Барлық наразылық хаттар «Qazaq kuresi» Ассоциациясы қағидаларына сәйкес берілуі тиіс. Спортшылар тарапынан төрешінің шешіміне күмән туған жағдайда, төрешілер алқасына наразылық хатын жаттықтырушы арқылы беруіне болады.

Төрешілер алқасы бас төрешінің қатысуымен наразылық хаты түскен сәттен бастап міндетті түрде қарайды. Төрешілер алқасында қаралып, оң шешімін тапқан хат қайта қарауға жатпайды.

#### **XV. Турнирге қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері**

Қатысушы командалардың келу және қайту күндері турнирдің бағдарламасы бойынша.

##### **Турнирдің бағдарламасы:**

<b>1 күн</b>	<b>Келетін күні</b>	<b>Уақыты</b>
<b>28-маусым</b>	Қатысушылардың келуі, қонақ үйге орналасуы	08.00-10.00
	Баспасөз маслихаты	10.00-13.00
<b>2 күн</b>	Төрешілер отырысы	11.00-13.00
	Мандаттық комиссия	18.30-20.00
<b>3 күн</b>	Бас дайындық (ген.репетиция)	15.00-18.00
	Салмақ өлшеу рәсімі	18.30-20.00
<b>4 күн</b>	Ашылу салтанаты	13.00
	Жеребе тарту рәсімі	13.20-13.40
	Жарыстың басталуы	14.00-18.00
	Ақтық сынның аяқталуы, марапаттау рәсімі	18.00-19.00
<b>5 күн</b>	Қатысушылардың қайту күні.	
<b>2-шілде</b>		

*\*Турнир бағдарламасына ұйымдастырушы комитеттің қалауы бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.*

#### **XVI. Өткізу тәртібі**

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі «Qazaq kuresi» Ассоциациясының қолданыстағы ережеге сәйкес өткізіледі.

Ауылдық, аудандық, қалалық және облыстық жарыстар мен турнирдің ақтық сыны 18 жастан жоғары ересектер арасында +90 келі, яғни абсолюттік салмақ категориясы бойынша өткізіледі.

Үшінші және финалдық сайыстың жеребе тарту рәсімі «соқыр» тәртіпте өткізіледі.

*Ауылдық, аудандық немесе облыстық іріктеу кезеңдерін ұйымдастыруға қатысты Ереженің шарттарын бұзған кез-келген команда Ұйымдастыру комитетінің шешімімен ақтық сынды қоса алғанда турнирдің кез-келген кезеңінен толықтай шеттетілуі мүмкін.*

*Жарысқа қатысушы спортшылар Қазақ күресінің ережесіне сәйкес, сыртқы келбетіне қатысты талаптарды орындауға міндетті, яғни сақал – мұртын және шаш үлгісін күрес не белдесу барысында қарсыласқа кедергі болмайтын дәрежеде реттеу қажет.*

*ЕСКЕРТУ:* іріктеу жарыстарынан өткен 1-ші және 2-ші нөмірлі балуан түрлі себептерге байланысты (денсаулығына және т.б.) ақтық сынға қатыса алмаған жағдайда, тек 3-ші нөмірлі балуанға ғана қатысу мүмкіндігі беріледі. Балуандарды ауыстыру жөнінде ұсыныс хат ағымдағы жылдың 30 мамырына дейін «Qazaq kuresi» Ассоциациясына жіберілуі тиіс. Ал, балуанның жеке бапкері белгілі бір себептерге байланысты турнирге келе алмаған жағдайда, қатысушы өз жаттықтырушысын «Qazaq kuresi» Ассоциациясының келісімімен ауыстыруы қажет. Турнирдің жеңімпазы атанған балуанның бапкеріне тағайындалатын ақшалай жүлде ресми түрде көрсетілген бапкерге табысталады.

Іріктеу сындарынан өткен облыстардың, Астана, Алматы мен Шымкент қалаларының балуандары, «Әскер Барысы» турнирінің ақтық сынына шыққан 2 (екі) балуан және 2022 жылғы «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпазы ақтық сайыстың алдында Ұйымдастыру комитеті ұйымдастыратын барлық іс-шараларға қатысуға міндетті. Мұндай іс-шараларға балуандар өздерімен бірге қазақтың ұлттық шапанын, қасқыр терісін және қазақ күресінің беренін ала келуі тиіс. Аталған шарттарды бұзған балуандар Ұйымдастыру комитетінің шешімімен республикалық турнирдің ақтық сайысынан шеттетілуі мүмкін. Шеттетілген балуандардың орнына басқа балуандар күресе алмайды.

Ақтық сайысқа қатысатын балуан беренінің арқасында фамилиясы мен облысы көрсетілген жазудың болуы шарт. Аталған берендер іссапарға жіберуші тарапынан дайындалады.

Ақтық сайыс кезінде балуандар кілемге қазақтың ұлттық шапанын киіп шығады. Сайыс алдында олар шапанды шешіп, қазақ күресі беренімен белдеседі.

Сонымен қатар, міндетті түрде балуанның иығында қасқыр терісі болуы керек. Жеңіске жеткен балуан қарсыласының қасқыр терісін өзінің иығына салып алады.

**Іріктеу жарыстары әр аймақта 2023 жылдың 25 ақпан – 10 мамырға дейінгі аралықта өткізіледі.**

Ауылдық, аудандық, облыстық (Астана, Алматы, Шымкент қалаларының) іріктеу сайыстарының атаулары төмендегідей сәйкесінше аталуы тиіс:

\_\_\_\_\_ ауылының Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне іріктеу жарысы;

\_\_\_\_\_ ауданының Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне іріктеу жарысы;

\_\_\_\_\_ облысының Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне іріктеу жарысы.

\_\_\_\_\_ қаласының Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне іріктеу жарысы.

*Ескерту:* турнирдің әр кезеңдері үшін көрсетілген бұл атау ресми бекітілгендіктен, аймақтық іріктеу жарыстарында қатаң сақталуы тиіс.

Ауылдық, аудандық, облыстық кезеңдерде өткізілетін іріктеу сындарына «Qazaq kuresi» Ассоциациясының облыстық өкілеттіліктері мен «Qazaqstan Barysy» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры тікелей бақылау жүргізеді.

Облыстық, Астана, Алматы мен Шымкент қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармалары Ұйымдастыру комитетіне әр іріктеу жарыстары жөнінде төмендегі көрсетілген үлгі бойынша мәтіндік және сандық (цифрлық) есеп берулері қажет.

**Мәліметтерге жергілікті уәкілетті орган мен жергілікті қазақ күресі федерациясының президенті қол қойып, мөрін басуы тиіс.**

*Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің I кезеңі бойынша \_\_\_\_\_ (облыс атауы) мәліметі*

№	Аудандар атауы	Ауыл (елді-мекен) атауы	Өткен мерзімі	Қатысқан балуандардың жалпы саны	II кезеңге өткен балуандардың аты-жөні және жалпы саны
1					
2					

3					
---	--	--	--	--	--

**Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің ІІ (ІІІ) кезеңі бойынша \_\_\_\_\_ (облыс атауы) мәліметі**

№	Аудандар атауы	Елді мекендердің жалпы саны	Қатысқан елді мекендер саны	Өткен мерзімі	Қатысқан балуандардың жалпы саны	ІІІ(ІV) кезеңге өткен балуандардың аты-жөні және жалпы саны
1						
2						
3						

Әр аймақ өзінің «Түйе балуанын» анықтайды (әр өңір «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне қатысатын 2 балуанға атақ береді).

**Іріктеу сындары облыстардың (Астана, Алматы, Шымкент қалаларының) барлық аудандарында өткізілуі тиіс. Іріктеу сындары кеңінен және толық қамтылмаған жағдайда, Ұйымдастыру комитетінің облыстың, қаланың балуандарын республикалық турнирдің ақтық сынынан шеттетуге құқығы бар. Сондай-ақ іріктеу жарыстарының есебі (+фото, видеосеп) облыстардың тарапынан 30-шы мамырға дейін «Qazaqstan Barusy» қазақ күресін қолдау және дамыту қорына толықтай тапсырылуы тиіс. Фото, видео құжаттар тапсырылмаған жағдайда балуандар ақтық сынға жіберілмейді.**

### **XVII. Қаржыландыру**

Жарысқа қатысушы командаларды іссапарға жіберу шығындары (жол ақысы, жолдағы тәулікақысы, тамақтану, қонақ үйде орналасу, спортшыларды Ережеге сәйкес формамен толық қамтамасыз ету) іссапарға жіберген ұйымның есебінен жүргізіледі.

Турнирдің жалпы жұлде қоры 42 500 000 (қырық екі миллион бес жүз мың) теңгені құрайды. Жұлделі ақшалай сыйлықтардан «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 320-бабының 1-тармағына сәйкес, «Салықтар және басқалар туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 655 және 646-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Қазақстан Республикасының резиденттері үшін 10% және Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін 20% мөлшерінде төлем көзінен жеке табыс салығы ұсталады;

*Ескерту: егер қызмет көрсетуші тәрешілердің тарапынан наразылық тудыратындай әрекеттер байқалған жағдайда, ұйымдастыру алқасы белгіленген еңбек ақысын өтемеуге құқылы.*

### **XVIII. Ақпараттық - насихаттау жұмыстары және баспасөз-конференциясы**

Ауылдық, аудандық (қалалық), облыстық іріктеу жарыстары БАҚ-да кеңінен жариялануы және баспасөз-мәслихаты өткізілуі тиіс.

Іріктеу жарыстары кезінде дайындалатын ақпараттық-жарнамалық баннерлер мен афишаларға міндетті түрде «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің логотипі және «Qazaq kuresi» ассоциациясының логотипі қойылып, турнирдің атауы осы Ереженің XVI тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жазылуы тиіс. Облыстық жарыстар барысында әзірленетін баннерлерді «Qazaqstan Barusy» қазақ күресін қолдау және дамыту қоры дайындап, бекіткен дизайнға сәйкес безендіру шарт.

**Ұйымдастыру комитеті**